

Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 қарашадағы № 5С-36/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда № 4519 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 6С-9/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 09.12.2016 № 6С-9/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Қоса беріліп отырған Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
XXXVI (кезектен тыс)
сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат
хатшысының
міндеттерін атқарушы

Қ.Байбurov

Ж.Бектұров

КЕЛІСІЛДІ

Бурабай ауданының әкімі

T.Tашмагамбетов

Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің әкімі шақырады.

Бурабай ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Бурабай" және "Луч" газеттері арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округі шегінде бөлек жиынды өткізу ді Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округі ауылдарының ауыл тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Бурабай ауданы Атамекен

ауылдық округі ауылдарының ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын осы қағиданың қосымшасына сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Бурабай ауданы Атамекен
ауылдық округінің бөлек
жергілікті қоғамдастық жиындарын
өткізу қағидасына қосымша

Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 11.06.2015 № 5С-43/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Елді мекеннің атауы	Бурабай ауданының Атамекен ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің Атамекен ауылы	5
Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің Жасыл ауылы	3
Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің Қаражар ауылы	3
Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің Шиелі ауылы	2
Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің Жаңажол ауылы	2
Бурабай ауданы Атамекен ауылдық округінің Жарқайың ауылы	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК